



Барыс пен Ептілік

by Мадина Кадырбек



Ертеде бүркіт барлық жануарларды қазақша күрестен сайысқа шақырды. «Кім күшті?» деген сұраққа жауап іздеп, аю, жолбарыс, қасқыр, қоян, барыс, арқар мен борсық сайысқа қатысуға дайындала бастады. Әрқайсысы жеңіске жетуге құлшынып тұр.



Барыстың атасы оған ақыл айтты: «Балам, бұл сайыста жеңіске жету оңай емес. Күшті болу керек, бірақ ептілік одан да маңызды. Осыны ұмытпа!». Барыс атасының сөзін тыңдап, жаттығуды бастады.



Сахнаға сайыс күні келді. Бүркіт, қабан, таутеке төреші болды. Барлық жануарлар жарысуға дайындалып, өздерінің күш-жігерін көрсетті. Сайысқа қатысушылардың көзінде жеңіске деген үміт жалындап тұр.



Қоян қасқырды, аю қабанды, борсық
арқарды, ал Барыс келесті жеңді. Жартылай
финалда Аю мен Барыс кездесті. Бұл сайыс
өте тартысты болды.



Шешуші сайыста Барыс пен Аю күресті. Барыс атасының сөзін есіне түсіріп, ептілікпен аюдың аяғынан шалып, жеңіске жетті. Барыс өзінің төзімділігі мен ептілігінің арқасында жеңді.



Содан бері қазақша күрестен болатын сайыс Барыстың атымен аталды. Барыс барлығына ептіліктің маңыздылығын көрсетті. Жануарлар оны құрметтеп, оның жеңісін тойлады.